



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қарашадағы N 1521 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

(Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ынтымақтастық және жылу-энергетикалық кешендерін дамыту туралы 1993 жылғы 25 желтоқсандағы келісімді,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы 1998-2007 жылдарға арналған шартты басшылыққа ала отырып

екі жақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту Тараптардың әрқайсысы халқының әл-әуқатын жақсартуға жәрдемдесетіндігіне көз жеткізе отырып, сауда және экономикалық ынтымақтастық тең құқықтық, өзара тиімділік, тұрақтылық және ұзақ мерзімді негізде екі жақты қатынастарды дамытудың қажетті әрі маңызды факторы болып табылатындығына сенім білдіре отырып,

Тараптардың әрқайсысы газ саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру үшін мүмкіндіктері бар екенін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Осы Келісімнің мәні Тараптардың газ саласындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын және жағдайларын дамыту болып табылады.

Тараптар мынадай салаларда ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты дамытатын болады:

осы Келісімнің қолданылу кезеңіне ресей және қазақстан газының жеткізілімі мен транзитінің бірлескен теңгерімін әзірлеу;

газ құбырларының, жер асты газ қоймаларының және газ кешені инфрақұрылымының басқа да объектілерінің құрылысын салу, қайта жаңарту әрі пайдалану және сервистік қызмет көрсетулерді ұсыну;

Тараптар мемлекеттерінің аумағы бойынша өтетін газ тасымалдау жүйелерін дамыту мәселелеріндегі саясатты келісу;

өзара газ алмасу жөніндегі операцияларды жүзеге асырудың жалпы шарттарын, қағидаттары мен тетіктерін келісу;

Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы үшінші елдердің рыногына газ тасымалдаудың бірлескен жобаларын әзірлеу;

газ кен орындарын және басқа көмірсутекті шикізатты, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісім қағидаттарымен барлау, әзірлеу және пайдалану;

газ тасымалдау жүйесінің жұмыс істеуін реттейтін, бір ізге салынған нормативтік техникалық құжаттарды дайындау және қолдану.

3-бап

Осы Келісімнің тиімді орындалуы мақсатында Тараптар уәкілетті ұйымдарды тағайындайтын болады:

Қазақстан Тарапынан - "Мұнай және Газ тасымалы" Ұлттық Компаниясы" ЖАҚ,
Ресей Тарапынан - "Газпром" ААҚ.

Тараптар уәкілетті ұйымдарға өзара тиімді және экономикалық шарттардың негізінде тасымалдау мен транзиттік тарифтер негізінде бірлескен кәсіпорындарды бірдей негізде құруды тапсырады.

Бірлескен кәсіпорындар қызметінің саласына мыналар кіретін болады:

Қарашығанақ кен орнының табиғи газын қоса алғанда, өзара тиімді және экономикалық қолайлы шарттармен табиғи газды сатып алу және маркетингі;

Қазақстан Республикасында тұтынуға арналған газ көлемін қоса алғанда, Ресей Федерациясының газ өңдеу зауыттарында қазақстан газын тасымалдау және қайта өңдеу ;

Қазақстан Республикасында тұтынушыларды газбен жабдықтау үшін табиғи газды тасымалдаудың бағыттарын оңтайландыру және экономикалық орындылық қағидаттарында алмасу операцияларын ұйымдастыру;

Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы үшінші елдердің рыногына газды тасымалдаудың бірлескен жобаларын жүзеге асыру кезінде оператор қызметін орындау

;

экономикалық жағынан бәсекелесуге қабілетті жаңа газ тасымалдау қуаттарын және қажетті инфрақұрылымды құру.

Тараптар бірлескен кәсіпорынға өздерінің жұмыс істеп тұрған газ тасымалдау жүйелері қуаттарын пайдалану және оларды кеңейту мүмкіндігін ұсынуға кепілдік б е р е д і .

Жоғарыда аталған уәкілетті ұйымдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақытылы хабардар етілетін б о л а д ы .

4 - б а п

Тараптар Ресей Федерациясының газ өңдеу зауыттарына қазақстандық газды тасымалдау және қайта өңдеу мәселелерінде ынтымақтастықты дамытуға және қазақстандық газдың ресурстарынан дайындалған тауарлық газды Қазақстан рыноктарына, оның ішінде өзара тиімді шарттармен алмасу операциялары жолымен ө т к і з у г е к е л і с т і .

5 - б а п

Тараптар екі Тарапта тасымалдайтын газдың кәсіптік дайындалуын экспорттық стандарттар деңгейіне жеткізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру, жаңа технологияларды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірленімдерді дамыту, техникалық талаптар мен газ секторы объектілерін пайдалану ережелерін үйлестіру, жұмыстық және ғылыми-техникалық құжаттамаларды әзірлеу, газ өнеркәсібі үшін Ресей Федерациясының оқу орындары мен орталықтарында қазақстандық мамандарды даярлау салаларында ынтымақтасуға келісті.

6 - б а п

Әрбір Тарап екінші Тарапқа ынтымақтастықтың дамуын қамтамасыз ететін барлық мәселелер жөнінде өзінің қарамағындағы ақпаратты, мұндай ақпараттың құпия сипаты болмаса және оны ұсыну осындай ақпарат ұсынушы Тараптардың ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін жағдайда, беретін болады.

Тараптар газ саласындағы ынтымақтастық шеңберіндегі қызметке қатысты тиісті заңнамалық кесімдермен уақытылы алмасатын болады.

7-бап

Тараптар сауда және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және Тараптар мемлекеттерінің газ салаларындағы өзара инвестицияларға қолайлы жағдай тудыруға ұмтылатын болады.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің орындалуы мен үйлестірілуін:
Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі,

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Энергетика министрлігі жүзеге асырады.

Осы Келісімнің орындалу барысы туралы ақпарат алмасу осы Келісімнің бүкіл қолданылу мерзімі кезеңінде әр жарты жылдықтың қорытындысы бойынша жүзеге асырылатын болады.

11-бап

Бір Тараптың уәкілетті ұйымының, сондай-ақ осы Келісімнің орындалуын үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыратын осы Тараптың мемлекеттік органының ресми атауы мен мекен-жайы өзгерген жағдайда, бұл Тарап осы туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарлама жібереді.

12-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар, сондай-ақ Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғайтын даулар өзара консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешілетін болады.

1 3 - б а п

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 10 жыл бойы күшінде болады. Егер Тараптардың бір де бірі кезекті кезең өткенге дейін кемінде екі жыл бұрын, оның күшін жою туралы өзінің ниетін екінші Тарапқа хабарламаса, ол өздігінен келесі бес жылдық мерзімдерге ұзартылады.

Тараптардың бірі осы Келісімнің ережелерінен туындайтын міндеттемелерін орындамаған жағдайда, екінші Тарап оның күшінің мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын жазбаша хабарлау жолымен осы Келісімнен шығуға құқылы.

_____ қаласында, " ____ " _____ жылы әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің

ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК